29 қараша ноября
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ
ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

3447 ДЕПУТАТ САЙЛАНАДЫ

Мәслихаттар халық тарапынан жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы 5 жыл мерзімге сайланады.



228 мәслихатта 3447 депутатты сайлау жоспарланған: 668 мандат – 20 облыстық мәслихатта, 626 мандат – 38 қалалық, 2153 мандат – 170 аудандық. Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, кандидаттарды ұсыну және өзін-өзі ұсыну кезеңі 14 қазанда басталды, ол 27 қазан күні сағат 18:00-ге дейін жалғасады. Партиялық тізімдер мен кандидаттарды тіркеу 1 қарашада сағат 18:00-ге дейін аяқталады. Сайлау алдындағы үгіт 1 қараша күні сағат 18:00-де басталып, 28 қараша күні сағат 00:00-де аяқталады. 28 қараша – тыныштық күні. 29 қараша – сайлау күні.

№122
(5020)
Бейсенбі
15 қазан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ТУРИЗМНІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР



Интернеттен алынды

4

Астанаға жылына шамамен 1,6 млн турист келеді. Соның ішінде 400 мыңы – шетелдіктер. Елорданың даму қарқынын өзге қалалармен салыстырсақ, осы көрсеткішті 4,6 млн адамға дейін көбейтуге мүмкіндік бар. Қала басшылығы арнайы бағдарлама жасап, туризмді негізінен үш бағытта өркендетуді жоспарлап отыр. Алдағы уақытта бас қалада 50 мыңнан аса көрерменге арналған стадион, цифрлық парк, жаңа көрме кешені, жаңа әуежай, этноорталық пен гастрономия көшесі ашылады.





Премьер-министр Олжас Бектенов қазақстандықтар үшін баспана сатып алуды қолжетімді ету мақсатында бастапқы жарнаны төмендету бойынша ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Бұл іспен Қаржы нарығын реттеу агенттігі мен Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі айналысады. Үкімет басшысы 20,4 млн шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беруді қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл ретте жаңа үйлер барлық қажетті инфрақұрылыммен және абаттандырумен қамтылуы тиіс. Әкімдіктерге жер учаскелерін алдын ала дайындауды және инженерлік желілерді тартуды жеделдету тапсырылды.



Биыл Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасы аясындағы іс-шараларға 7 миллионнан астам азамат атсалысты. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Елді мекендерде 7 миллионнан астам ағаш отырғызылған. 9 мыңнан астам заңсыз қоқыс үйіндісі жойылды. 3,8 миллион тоннаға жуық қоқыс жиналды. TazaQazBot арқылы тазалық пен абаттандыру мәселесіне қатысты 57 мыңнан астам өтініш түсті. Астана мен Алматыда және Жамбыл облысында жалпы құны 300 млрд теңгеден асатын қоқыс өңдеу кешендері салынып жатыр.



ГРАНТ БЕРІЛЕДІ

Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік грант беру бойынша ашық конкурс жариялады.

Конкурсқа әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енген кәсіпкерлер, сондай-ақ «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалистері қатыса алады. Өтінімдер 2026 жылғы 15-20 қазан аралығында тек онлайн форматта kezekte.kz платформасы арқылы қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінім мен құжаттардың толық пакетін ұсынуы қажет. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 5 миллион теңге беріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефон нөмірлеріне хабарласуға болады: +7 (7172) 556-903, +7 (7172) 556-919, +7 (7172) 556-921, +7 (7172) 556-910.

№122 (5020) 15/10/2026 Бейсенбі





ЫҚПАЛДАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

Басылымның өткен санында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Бельгиялықтар Королі Филипп және Патшайым Матильда Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгенін жазған едік. Сапар аясындағы жүздесулер одан әрі жалғасты. Қазақстан-Бельгия іскерлік кеңесінің төртінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда-саттық шамамен 10 пайызға өскенін мәлімдеді.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Соңғы 20 жылда бельгиялық компаниялар экономикамызға 15 миллиард доллардан астам қаржы құйған. Қазақстаннан Бельгияға зығыр тұқымы, молибден кендері мен концентраттары, титан және одан жасалған бұйымдар, сондай-ақ бидай экспортталады. Бельгиядан елімізге дәрілік заттар, қазандықтарға арналған қосалқы жабдықтар, мұнай өнімдері, тракторлар мен ауыл шаруашылығы техникасы, сондай-ақ вакциналар және басқа да медициналық препараттар жеткізіледі.

ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙГЕ БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Король Филипп және Патшайым Матильдамен бірге Ұлттық музейді аралады. Мәртебелі меймандар музей кешенінің сәулеттік ерекшеліктерін және Ұлы даланың мәдени-тарихи мұрасын паш ететін экспозициялар кеңістігін тамашалады. Әсіресе, бірегей археологиялық қазбалар, ежелгі зергерлік өнер үлгілері, соның ішінде Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» мен Берел, Талды-2, Тақсай, Шілікті обаларынан шыққан алтын бұйымдар қойылған Алтын залына ерекше назар аударылды. Этнография залында қонақтар қазақ халқының салт-дәстүрімен, тұрмысымен, материалдық және рухани мәдениетімен танысты. Сондай-ақ бельгиялық суретші Джеймс Энсор шығармаларының көрмесі ұсынылды. Бельгиялықтар Королі мен Патшайымы Құрметті қонақтар кітабына естелік жазба қалдырды.

АТ БАПТАУ ДӘСТҮРІМЕН ТАНЫСТЫ

Бельгиялықтар Королі Филипп пен Патшайым Матильда сапар аясында халқымыздың бай мәдениетімен және рухани мұрасымен етене танысуға айрықша мән беруде. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың резиденциясында құрметті қонақ болған корольдік отбасы шетел басшылары елімізге сыйға тартқан асыл тұқымды арғымақтарды да тамашалады. Король мен Патшайымға бапкерлер сәйгүліктердің шығу тегі, күтімі туралы әңгімелеп, қазақ халқының ұлттық ойындарынан шағын көрініс қойды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Король Филипп Қазақстан-Бельгия іскерлік кеңесінің төртінші отырысына қатысты. Мемлекет басшысы Қазақстан-Бельгия іскерлік кеңесінің төртінші отырысында Король Филипп пен Патшайым Матильдаға ілтипат білдірді. Президент мәртебелі мейман-дардың осы іс-шараға қатысуы тату достық пен екіжақты серіктестікті жаңа әрі сапалы деңгейге шығаруға деген ортақ ұмтылысты көрсететінін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Бельгия Қазақстан экономикасындағы 10 ірі инвестордың қатарына кіретінін айтты. Соңғы 20 жылда бельгиялық компаниялар экономикамызға 15 миллиард доллардан астам қаржы құйған.

«Елімізде агроөнеркәсіп кешені, денсаулық сақтау, фармацевтика, озық технологиялар мен энергетика салаларында 100-ден астам бельгиялық және бірлескен кәсіпорын табысты жұмыс істейді. Олардың қатарында Jan De Nul, Sarens және Ahlers сияқты жетекші бельгиялық компаниялар бар. Екіжақты сауда көлемінің өсіп келе жатқаны қуантады. Биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда-саттық шамамен 10 пайызға өсті. Сонымен қатар сауда үдерістерін жеңілдету және тауар айналымы өсімін арттыру үшін әлі де көп жұмыс атқаруымыз қажет. Сонда ғана халықтарымыздың қалауына қол жеткізетінімізге сенімдімін. Қазақстан Бельгияның Орталық Азия аймағындағы ірі сауда серіктесі саналады» деді Мемлекет басшысы.



Мемлекет басшысы жасанды интеллект пен технологиялық индустрияны дамыту өзара серіктестіктің негізгі басымдығы екенін айтты.

«Жасанды интеллект пен цифрлық технология мүмкіндігін пайдалана отырып, AlemAi, Alatau City секілді ірі бастамаларды жедел іске асырамыз. Өнеркәсіптің озық салалары аталған орталықтарда қалыптасады. Бельгияның жартылай өткізгіштерді зерттеу саласында позициясы мықты. Осы артықшылықты ескеріп, бірлескен жобаларды іске асыруға және серіктестікті дамытуға болады» деді Президент.

Президент жасыл энергетикаға көшу және цифрлық экономиканы дамыту аса маңызды минералдар саласындағы өндірістік кооперация мүмкіндіктеріне жол ашатынына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Король Филипптің мемлекеттік сапары аясында аса маңызды минералдар бойынша Қазақстан-Бельгия дөңгелек үстелі ұйымдастырылғанын атап өтті.

«Еліміз Еуропа өнеркәсібі үшін ауадай қажет 34 шикізат түрінің 21-ін өндіреді. Сонымен қатар Бельгияға титан мен молибден өнімдерін тасымалдайды. Біздің ресурс әлеуетіміз бен Бельгияның инвестициясын, технологиясы мен білім-білігін ұштастыра отырып, осы өте маңызды салада стратегиялық серіктестік құра аламыз. Бұл жолғы іс-шараның нәтижесі нақты инвестиция және технология жобаларына ұласады деп үміттенемін. Мақсатымыз – отандық өңдеу өнеркәсібін өркендетіп, қосылған құны жоғары тауар шығару. John Cockerill және Qarmet компаниялары мырышталған болат пен қорғаныш жабындарын өндіру бойынша серіктестікті жолға қоймақ. Бельгиялық әріптестердің геологиялық барлау, шикізат және металл өңдеу жобаларына қатысуын құптаймыз» деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы инвестициялық климатты жақсарту, заңнаманы жетілдіру, адал бәсекені қорғау және инвесторлармен тікелей диалог өрбіту бойынша қабылданып жатқан жүйелі шараларға тоқталды.

«Халықаралық зерттеу және рейтинг агенттіктерінің бағалауына сәйкес, жуықта Қазақстан әлемнің ең ықпалды елдерінің арасында 34-орынға тұрақтады. Макроэкономика көрсеткіштеріне зер салсақ, еліміз көптеген салада, атап айтқанда, әлеуметтік қорғау, инновациялық саясат, цифрландыру, ЖИ-ді дамыту, сыртқы саясат, ғылым және білім, заң үстемдігі қағидатын орнықтыру, қоршаған ортаны аялау, экологиялық мәдениетті ілгерілету, волонтерлік қозғалысты қолдау, ең маңыздысы, адамның құқығы мен бостандығын қорғауда елеулі прогреске қол жеткізді. Бұл қағидаттардың барлығы Конституцияда бекітілген. Азаматтар, Президент ретінде мен де оны мүлтіксіз сақтауымыз қажет. Біздің ұранымыз – «Бірлігіміз – әралуандықта!». Аталған қағидатқа сүйене отырып, елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға бар күшімізді саламыз. Осылайша, барлық шетелдік, соның ішінде Бельгия компанияларына қолайлы әрі ашық іскерлік климат қалыптастырдық» деді Президент.

Король Филипп Брюссельде және Астанада Еуропа мен Орталық Азия арасындағы байланыстарды нығайтуға қажетті алғышарттардың барлығы бар екенін атап өтті.

«Еуропалық одақтың дәл ортасында орналасқан Бельгия Еуропа нарығына шығатын қақпа ретінде елеулі рөл атқарады. Сондай-ақ технология, инновация, таза энергетика, логистика және халықаралық сауда саласында айтарлықтай тәжірибеге ие. Ал Қазақстан еуразиялық кеңістіктің маңызды аумағы саналады. Географиялық тұрғыдан оңтайлы орналасуының және мол табиғи ресурстарының арқасында Қазақстан әлем экономикасында ерекше орны бар аймақтық сауда, инвестиция және жасыл экономиканы дамыту орталығына айналды. Мұның бәрі ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге шынайы негіз болады» деді ол.

Бельгиялықтар Королі екі елдің бизнес өкілдерін энергетика, аса маңызды минералдар, көлік-логистика, қаржы және туризм сияқты перспективті салаларда ықпалдастықты жандандыруға шақырды.

«Бельгия мен Қазақстанның арасы географиялық жағынан алшақ болғанымен, мақсат-мұраттарымыз, амал-әрекеттеріміз және табандылығымыз тұрғысынан өте жақын елдерміз» деді Король Филипп.

ALEM.AI ОРТАЛЫҒЫН АРАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа, Бельгиялықтар Королі Филипп пен Патшайым Матильдаға музей экспозициясы, роботты техника аймағы және ЖИ-кинотеатр мүмкіндіктері таныстырылды. Құрметті қонақтарға Alem.ai орталығын дамытудың ұзақмерзімді стратегиясы, ATAP айтқанда, әлеуметтік қорғау, инновациялық саясат, цифрландыру, ЖИ-ді дамыту, сыртқы саясат, ғылым және білім, заң үстемдігі қағидатын орнықтыру, қоршаған ортаны аялау, экологиялық мәдениетті ілгерілету, волонтерлік қозғалысты қолдау, ең маңыздысы, адамның құқығы мен бостандығын қорғауда елеулі прогреске қол жеткізді. Бұл қағидаттардың барлығы Конституцияда бекітілген. Азаматтар, Президент ретінде мен де оны мүлтіксіз сақтауымыз қажет. Біздің ұранымыз – «Бірлігіміз – әралуандықта!». Аталған қағидатқа сүйене отырып, елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға бар күшімізді саламыз. Осылайша, барлық шетелдік, соның ішінде Бельгия компанияларына қолайлы әрі ашық іскерлік климат қалыптастырдық» деді Президент.

Король Филипп Брюссельде және Астанада Еуропа мен Орталық Азия арасындағы байланыстарды нығайтуға қажетті алғышарттардың барлығы бар екенін атап өтті.

«Еуропалық одақтың дәл ортасында орналасқан Бельгия Еуропа нарығына шығатын қақпа ретінде елеулі рөл атқарады. Сондай-ақ технология, инновация, таза энергетика, логистика және халықаралық сауда саласында айтарлықтай тәжірибеге ие. Ал Қазақстан еуразиялық кеңістіктің маңызды аумағы саналады. Географиялық тұрғыдан оңтайлы орналасуының және мол табиғи ресурстарының арқасында Қазақстан әлем экономикасында ерекше орны бар аймақтық сауда, инвестиция және жасыл экономиканы дамыту орталығына айналды. Мұның бәрі ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге шынайы негіз болады» деді ол.

Бельгиялықтар Королі екі елдің бизнес өкілдерін энергетика, аса маңызды минералдар, көлік-логистика, қаржы және туризм сияқты перспективті салаларда ықпалдастықты жандандыруға шақырды.

«Бельгия мен Қазақстанның арасы географиялық жағынан алшақ болғанымен, мақсат-мұраттарымыз, амал-әрекеттеріміз және табандылығымыз тұрғысынан өте жақын елдерміз» деді Король Филипп.

ALEM.AI ОРТАЛЫҒЫН АРАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа, Бельгиялықтар Королі Филипп пен Патшайым Матильдаға музей экспозициясы, роботты техника аймағы және ЖИ-кинотеатр мүмкіндіктері таныстырылды. Құрметті қонақтарға Alem.ai орталығын дамытудың ұзақмерзімді стратегиясы, тегиясы, TUMO Astana білім беру бағдарламасы, сондай-ақ Қазақстан-Бельгия бірлескен жасанды интеллект және математика зертханасының жұмысы туралы мәлімет берілді. Зертханада NeuroLearn (ЖИ, нейроғылым мен бейімдеп оқыту салаларындағы зерттеулер) және ParkScreen (Паркинсон ауруын алдын ала анықтайтын ЖИ скрининг әдістері) секілді бастамалар қолға алынған. Іс-шара барысында Гент университетінің атынан Қазақстанның талантты оқушылары мен студенттеріне телескоп табысталды. Телескопта Нобель сыйлығының физика саласы бойынша лауреаттары Франсуа Энглердің, Герард 't Хоофттың және Мишель Майордың, сондай-ақ бельгиялық астронавт Франк Де Винненің қолтаңбасы бар.

ЖОО СЕРІКТЕСТІГІ КЕҢЕЙЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев, Король Филипп және Патшайым Матильда Ректорлар форумына қатысты. Alem.ai халықаралық орталығында Қазақстан мен Бельгия жоғары оқу орындары жетекшілері бас қосқан іс-шара өтті. «Білім беру мен ғылыми зерттеулерге жасанды интеллектінің әсері» тақырыбын арқау еткен жиын интерактивті пікірталас форматында ұйымдастырылды. Пікірталасқа қатысушылар жасанды интеллект технологиялары жоғары білім мен заманауи ғылым саласына қандай өзгеріс әкелетінін егжей-тегжейлі талқылады. Атап айтқанда, Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы аймақтық хаб, сондай-ақ білім беру, зерттеулер және инновациялар бағытындағы ынтымақтастыққа арналған стратегиялық алаң ретіндегі рөлі қарастырылды. Академиялық, сондай-ақ білім беру ортасында жасанды интеллект пен оқу машинасын пайдалануға, оқу және оқыту үдерістеріндегі жаңа технологияның ықпалына баса назар аударылды. Форум аясында Қазақстан мен Бельгия жоғары оқу орындары серіктестігін кеңейту, бірлескен білім беру әрі зерттеу бастамаларын іске қосу, академиялық ұтқырлықты дамыту және жоғары мектептегі цифрлық трансформация салаларында тәжірибе алмасу мәселелері пысықталды. Іс-шара қорытындысы бойынша екі ел университеттері арасында бірқатар келісім мен меморандумға қол қойылды.

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бельгиялықтар Королі Филипп пен Патшайым Матильданы елорда әуежайынан шығарып салды. Корольдік отбасының мемлекеттік сапары Алматыда жалғасады.



ДӘСТҮРЛІ БАСПАСӨЗДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Астана қаласы әкімінің орынбасары Талғат Рахманберді мен қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Бақытжан Жүнісбеков «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінің жарық көрген күніне орай «Elorda aqparat» ЖШС ұжымын құттықтады.

Арнайы келген қала әкімінің орынбасары «Elorda aqparat» медиакомпаниясының тыныс-тіршілігімен танысып, редакция қызметкерлерімен жүздесті. «Elorda aqparat» ЖШС директоры Олжас Сыдықбек медиакомпанияның жұмысы, негізгі бағыттары мен жүзеге асып жатқан жобалары туралы баяндады.

Кездесуде Талғат Абайұлы «Астана ақшамы» газетінің тарихына тоқталып, басылымның елорда шежіресіндегі орнына ерекше назар аударды.

– 1990 жылғы 13 қазанда басылым «Ақмола ақиқаты» деген атаумен жарық көрді. Ол кезде еліміз әлі тәуелсіздік алмаған еді. Содан бері газет Ақмола өңірінің айнасына, шежіресіне айналды. Еліміздің бас қаласының басынан өткерген тарихи кезеңдерін, Астананың қалыптасуы мен қарқынды дамуын қалт жібермей, жылдар жылнамасына айналдырып келеді. Бүгінде «Астана ақшамы» – ел тынысын жеткізетін ақпарат құралы ғана емес, ұлттық құндылықтарды дәріптеп, қоғамдық ойға қозғау салатын беделді басылым. Оқырман сенімін сақтап, қазақ журналистикасының дамуына қосып келе жатқан үлесіңіз үшін барша ұжымға алғыс білдіремін. Қаламдарыңыз қарымды, шығармашылық ізденістеріңіз жемісті болсын. Газеттің ғұмыры ұзақ, оқырманы көп болғай! – деді әкім орынбасары.

Сондай-ақ қала әкімінің орынбасары «Вечерняя Астана» газетінің де елорда тұрғындары арасында танымал екенін атап өтті. Оның айтуынша, цифрлық технологиялар қарқынды дамып жатқан кезеңде дәстүрлі баспасөздің де маңызы зор. Мемлекет бұқаралық ақпарат құралдарын қолдауды жалғастырады. Жиын аясында «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттері мен Elordainfo.kz сайтының бас редакторларына алғыс хат табысталды. Кездесу кезінде медиакомпания қызметкерлері өз ұсыныстары мен тілектерін жеткізіп, жалақыны көтеру және баспана мәселелерін көтерді. Талғат Рахманберді аталған әлеуметтік мәселелерді шешуге қолдау көрсетілетінін айтып, ұжымның әр қызметкері үшін есігі ашық екенін айтты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Мәслихаттар – тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіретін және оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейтін, сондай-ақ олардың жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өкілді органдар.

Мәслихаттар депутаттарының өкілет мерзімі – 5 жыл.

Мәслихат депутаттары жалпыға бірдей, тең тәуелсіз сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Қазақстан Республикасының 20 жасқа толған азаматы мәслихат депутаты бола алады.

– сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың;

– сотталғаны заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адамның;

– сыбайлас жемқорлық қылмыс және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған адамның **сайлануға құқығы жоқ.**

Астана, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады. Біртұтас аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша депутаттардың жартысы, екінші жартысы бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Аудандар мен қалалар мәслихаттарының депутаттары бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Мәслихаттар депутаттығына:

– партиялық тізімдер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға;

– бірмандаттық аумақтық сайлау округтер бойынша сайланатын кандидаттарды ұсыну құқығы – саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ егер жарғыда тиісті өкілет көзделсе, олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) және өзін-өзі ұсыну арқылы азаматтарға тиесілі.

Аумақтық сайлау округі бойынша бір саяси партиядан бір ғана тізімді тіркеуге жол беріледі, онда әйелдер мен жастардың саны жиынтығында, оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсыныла алмайды.

Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

29 қараша МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясының отырысында 2026 жылғы 29 қарашаға белгіленген ҚР мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауына дайындық және өткізу мәселелері қаралды.

Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс сайлау күнін белгілеп, осы кезеңге арналған негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекітті. Өз кезегінде Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы да жұмыс жоспарын бекітті.

Комиссия төрағасы Бейсембай Жұмабековтің айтуынша, сайлау науқанын ұйымдастыруға қажетті нормативтік құжаттар әзірленіп, негізгі рәсімдік мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданған. Енді комиссия сайлауды заң талаптарына сәйкес әрі ұйымдасқан түрде өткізуге кіріседі.

Отырыс барысында үш мәселе қаралды. Атап айтқанда, сайлау науқанына дайындық және оны өткізудің негізгі іс-шараларының күнтізбелік жоспары бекітіліп, елордадағы сайлау инфрақұрылымының жай-күйі талқыланды. Сондай-ақ округтік сайлау комиссияларының жұмыс кестесі бекітілді.

Бейсембай Жұмабековтің мәліметінше, аумақтық сайлау комиссиясы заңнамаға сәйкес саяси партиялардың партиялық тізімдері бойынша сайлау процесін ұйымдастыруға жауапты. Ал округтік сайлау комиссиялары бірмандатты сайлау округтері бойынша кандидаттармен жұмыс жүргізеді.

Астанада мәслихат депутаттарына арналған барлығы 34 мандат қарастырылған. Оның 17-сі саяси партиялардың партиялық тізімдері бойынша, қалған 17-сі бірмандатты сайлау округтері арқылы бөлінеді. Бұл сайлауға 7 саяси партия қатысады.

Президент Жарлығына сәйкес, бұған дейін Орталық сайлау комиссиясына мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау, оған дайындық жүргізу және өткізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру тапсырылған еді. Мәслихаттар жергілікті халықтың мүддесін білдіріп, өңірлердің дамуына қатысты мәселелерді қарастыруда басты рөл атқарады. Сондықтан сайлау үдерісінің заң талаптарына сай әрі жүйелі ұйымдастырылуы маңызды.

ЧАТ-БОТҚА ТҮСЕТІН ӨТІНІМ КӨП

Бас қалада тұрғындардың өтініштерін Telegram желісіндегі TazaQazBot чат-боты арқылы қабылдау және өңдеу жұмысы жүріп жатыр. 2026 жылдың басынан бері онлайн-платформаға 2164 өтінім түсіп, оның 1937-сі орындалды.



Тұрғындардың басым бөлігі аумақтарды абаттандыру, жарықтандыру, жолдарды жөндеу, көгалдандыру және қоқыс үйінділерін жою мәселелері бойынша өтініш жолдайды. Барлық өтінім белгіленген мерзімде қаралады. Бұл тұрғындарға қолайсыздық тудыратын жағдайларды барынша азайтуға мүмкіндік береді. Цифрлық сервистердің басты артықшылықтарының бірі – процестердің ашықтығы. Пайдаланушылар өтінімдерінің орындалу барысын әр кезеңде бақылап отыра алады. Жұмыс аяқталғаннан кейін оларға фотоесеп ұсынылып, орындалған жұмыстың сапасын бағалау мүмкіндігі беріледі. Өтініштердің барлығы аумақтарды тазалау мен қоқыс шығарудан бастап, жолдарды жөндеу, жарықтандыру, көгалдандыру және су айдындарын тазартуға дейінгі 24 санат бойынша бөлінеді. Бұл өтінімдерді тиісті қызметтер арасында тиімді бағыттауға мүмкіндік береді. TazaQazBot цифрлық сервистер тұрғындар мен мемлекет арасындағы байланысты жақсартуға, мәселелерге жедел ден қоюға, әкімдіктер жұмысының тиімділігін арттыруға және қала мен елдегі тәртіпті нығайтуда нақты нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететінін көрсетіп отыр.

ВАНДАЛИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Астана қаласының Байқоңыр ауданында «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Вандализмге жол жоқ!» акциясы өтті. Оған қатысқан жастар мен еріктілер Абай даңғылындағы ғимарат қабырғасына салынған заңсыз граффитиді өшірді.

Акцияны Астана қаласы Байқоңыр ауданының ішкі саясат бөлімі, аудандық полиция басқармасы және «Әділет» партиясының «Жастар рухы» жастар қанаты бірлесіп ұйымдастырды.

– Мұндай жазулар қаланың көркін бұзып қана қоймай, кейде есірткіге қатысты заңсыз жарнамаларды да қамтиды. Сондықтан біз қатарластарымыздың қауіпсіздігі үшін осындай акцияларға қатысып, қаламыздың таза әрі қауіпсіз болғанын қалаймыз. Ал ғимараттарға рұқсатсыз жазу жазатын адамдарға айтарым: бір сәт ойланыңыздар. Бұл – біреудің мүлкі. Егер шығармашылықпен айналысқыңыз келсе, оны арнайы рұқсат етілген орындарда жүзеге асырыңыздар, – деді «Әділет» партиясы «Жастар рухы» жастар қанатының консультанты Диана Жолмұхамбетова.

Ал Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Арман Баянбеков ауданда вандализмнің алдын алу жұмысы тұрақты жүргізілетінін атап өтті.

– Биыл полиция қызметкерлерімен және волонтерлік ұйымдармен бірлесіп, есірткі жарнамасы бар граффитилерді анықтау және жою бойынша 8 рейд өткіздік. Нәтижесінде осындай 12 жазу анықталып, өшірілді. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасады, – деді Арман Баянбеков.



№122 (5020) 15/10/2026 Бейсенбі



ЕЛОРДАҒА ТУРИСТЕРДІ ҚАЛАЙ ТАРТАМЫЗ?

Биылғы маусым айында Астана қаласының туризмін дамытудың 2026-2031 жылдарға арналған стратегиясын әзірлеу басталды. Бұл жұмыс аталмыш саланы жүйелі әрі ұзақ мерзімді кезеңде өрлету мақсатында қолға алынды. Атап айтқанда, осы құжат арқылы елордаға келетін туристердің санын өсіру, олардың бас қалада болу ұзақтығын арттыру және шығыстарын көбейту көзделіп отыр. Тиісті жұмыс төрт кезеңнен тұрады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжановтың айтуынша, осы уақытқа дейін елордамен салыстыруға келетін 8 қаланың туризмін талдау жүргізілді, 6 басым шетелдік нарық зерттелді, 9 мыңға жуық турист арасында сауалнама нәтижелері талданды. Қазір нақты туристік ағын мен оның қала экономикасына қосатын үлесін бағалау жүргізіліп жатыр.

«Қазіргі таңда біз үшін стратегияның үшінші кезеңін іске асыру аса маңызды. Бүгіндері инфрақұрылымды дамыту, қызмет көрсету сапасын арттыру, елорданы ілгерілету және туризмнің басым бағыттарын өрлету секілді стратегия бастамаларын қалыптастыру кезеңіне көштік. Қорытынды кезеңде жол картасы, мастер-жоспар және тиімділіктің негізгі көрсеткіштері әзірленеді. Стратегияны әзірлеу жұмысын биылғы қараша айында аяқтауды жоспарлап отырмыз» дейді Халел Әкімжанов.

Астана қаласының туризмін дамытудың 2026-2031 жылдарға арналған стратегиясын әзірлеуге «Future of Mobility» ЖШС қатысты. Осы серіктестіктің даму жөніндегі директоры Ұлыбек Қиманов саланы ілгерілетудің аралық нәтижесін айтып берді.

Оның айтуынша, бірнеше көрсеткіш бойынша Астанаға жақын әлемнің 8 қаласының тәжірибесі талданды. Бұл – әлеуметтік-экономикалық даму, статистика көрсеткіштері және климаты елордаға ұқсас Ташкент, Баку, Қазан, Варшава, Абу-Даби, Эр-Рияд, Сеул, Пекин шаһарлары.

«Қазіргі туристік ағын Астананың әлеуетін толық ашып отырған жоқ. Бүгінде елордаға жылына шамамен 1,6 млн турист келеді, оның 400 мыңы – шетелдік қонақтар. Біз салыстырған қалалардың орташа көрсеткішіне сүйенсек, Астанаға келетін туристер санын жылына 4-6 миллион адамға дейін арттыруға мүмкіндік бар. Ал шетелдік туристердің үлесі қазіргі 24%-дан 35%-ға дейін өссе, олардың саны 1,5-2 миллион адамға жетуі мүмкін» дейді Ұлыбек Қиманов.

> Қазіргі туристік ағын Астананың әлеуетін толық ашып отырған жоқ. Бүгінде елордаға жылына шамамен 1,6 млн турист келеді, оның 400 мыңы – шетелдік қонақтар. Біз салыстырған қалалардың орташа көрсеткішіне сүйенсек, Астанаға келетін туристер санын жылына 4-6 миллион адамға дейін арттыруға мүмкіндік бар. Ал шетелдік туристердің үлесі қазіргі 24%-дан 35%-ға дейін өссе, олардың саны 1,5-2 миллион адамға жетуі мүмкін



Оның мәліметінше, халықаралық әуе қатынасы жағынан Астана салыстырылған қалалардан төмен көрсеткішке ие. Қазір елордадан 22 мемлекетке әуе рейсі ұшады, ал Ташкенттен – 37, Бакуден 32 елге ұшуға болады. Қалалар саны бойынша да айырмашылық бар. Астанадан 41 қалаға рейс қатынаса, Ташкенттен – 85, Бакуден 69 қалаға әуе қатынасы бар.

Ұлыбек Қимановтың сөзінше, қазіргі туристік ағынды қабылдауға Астанадағы төрт және бес жұлдызды қонақүйлер мен қоғамдық тамақтану орындарының саны жеткілікті. Алайда туристер саны артса, алдағы бес жылда бұл инфрақұрылым жеткіліксіз болуы мүмкін.

«Қазіргі кезде елордаға шетелдік туристердің басым бөлігі Ресейден келеді. Олар 40 пайызды құрайды. Қытайдан келетіндердің үлесі – 17,6 пайыз. Түркия, АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея елдерінен туристер көбірек келсе, Астананың экономика көрсеткіші өседі деген тұжырымға келдік» дейді Ұлыбек Қиманов.

Оның айтуынша, Астананы туристік бағыт ретінде дамытудың үш негізгі тұжырымдамасы ұсынылды. Бұл – «Астана – болашақтың қаласы», «Астана – ірі оқиғалар астанасы» және «Астана – мәдениет пен табиғат тоғысқан қала».

«Осы бағыттарды дамыту аясында бірқатар жаңа нысан мен жоба ұсынылып отыр. Бұл қатарда киберспорт орталығы, цифрлық парк, заманауи өнер орталығы, жаңа көрме кешені, 50 мыңнан астам көрерменге арналған стадион, жаңа әуежай, этноорталық және гастрономия көшесі бар» дейді Ұлыбек Қиманов.

Оның пікірінше, елордаға бір келген туристті бас қаламызға қайтып оралуға қызықтыратындай жағдайлар жасалып, себептер тудыру қажет. Жүргізілген тиісті сауалнаманың нәтижесінде олардың 75 пайызы Астананы қайта көргісі де келеді екен. Соның ішінде негізінен іскерлік туризм өкілдерінен қалаға көбірек кіріс кіреді.

«Елордада өтетін ірі оқиғалар бір келген туристтің қайтып оралуына жағдай тудырады. Шетелдік туристер ұлтты танытатын дүниелерді көргісі келетінін анықтадық. Шетелден келетіндер қазақтың мәдениетімен танысып, ұлттық тағамдарды татқысы келеді» дейді Ұлыбек Қиманов.

Оның пікірінше, «Астана Опера» және «Астана Балет» театрлары туристерді тартатындай әлеуетке ие. «Бәйтерек» те солай. Туристер ағынын көбейту үшін қалаға қазіргі заманғы өнер орталығы немесе галереясы сияқты нысандар да керек. Қорыта айтқанда, елордаға келетін туристерді көбейту үшін істелетін жұмыс әлі де жеткілікті. Астана қаласының туризмін дамытудың 2026-2031 жылдарға арналған стратегиясы соған бағытталған.

Оңалхан ӨНЕРХАН

ЕҢБЕК ШАРТЫ ТАЛАПТАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынасын реттейтін негізгі құқық құралы – еңбек шартының негізгі талаптары. Елордалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Мұрат Шәкенов олардың маңызын түсіндіріп берді.



Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 21-бабына сәйкес, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, еңбек қатынасы еңбек шарты негізінде туындайды. Еңбек шартының мазмұны ерекше маңызға ие, өйткені онда еңбек қатынасының негізгі талаптары мен тараптардың өзара міндеттемелері бекітіледі. ҚР Еңбек кодексінің 28-бабына сәйкес, еңбек шартында тараптар туралы мәліметтер, еңбек функциясы, жұмысты орындау орны, еңбек шартының мерзімі, жұмыстың басталу күні, жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі, еңбекақы мөлшері және оны төлеу талаптары, сондай-ақ заңнамада көзделген өзге де міндетті талаптар қамтылуға тиіс. Осы туралы айта келе, департамент басшысының орынбасары жұмыскердің еңбек құқығын қорғау үшін еңбек функциясын нақты айқындаудың маңызы зор екенін атап өтті.

– Лауазымы мен атқаратын жұмысының нақты көрсетілуі жұмыскердің нақты қызметінің еңбек шартында белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге және еңбек қатынасында көзделмеген міндеттерді оған негізсіз жүктеуге жол бермеуге мүмкіндік береді. Еңбекке ақы төлеу талаптарының да маңызы ерекше. Еңбек шартында еңбекақы мөлшері мен оны төлеу талаптарының көрсетілуі – жұмыс берушінің міндеттемелерінің көлемін анықтауға мүмкіндік береді және еңбекақының дұрыс есептелуі мен уақытылы төленуіне қатысты мәселелерді қарау кезінде құқықтық негіз. Жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимін бекіту жұмыскердің заңда белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығы мен тынығуға құқығын қамтамасыз етуге тікелей байланысты. Бұл талаптар жұмыскерді үстеме жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тарту тәртібінің сақталуын бағалау кезінде де ескеріледі, – деді Мұрат Шәкенов.

Айтуынша, зиянды немесе қауіпті еңбек жағдайында жұмыс атқару кезінде кепілдіктер мен өтемақы төлемдерінің талаптары ерекше маңызға ие. Оларды еңбек шартында тиісті түрде көрсету заңнамада көзделген кепілдіктердің қамтамасыз етілуіне және олардың іс жүзінде берілуін бақылауға мүмкіндік береді.

– Еңбек шартының талаптары жұмыскердің жағдайын еңбек заңнамасымен салыстырғанда нашарлатуға тиіс емес. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 10-бабына сәйкес, келісімдердің, еңбек шартының және жұмыс беруші актілерінің талаптары заңнамада белгіленген жұмыскерлердің құқығы мен кепілдіктерінің деңгейін төмендетпеуге тиіс. Жұмыскердің жағдайын нашарлататын талаптар жарамсыз және қолданылуға жатпайды. Осылайша, еңбек шартын жасасу кезінде тараптардың еркіндігі еңбек заңнамасының міндетті талаптарымен шектеледі. Жұмыс беруші еңбек қатынасына қосымша талаптар енгізуге құқылы, алайда олар жұмыскерлердің заңда белгіленген құқығы мен кепілдіктерін бұзбауға тиіс. Еңбек шарты еңбек жағдайы өзгерген кезде де ерекше рөл атқарады. Еңбек шартының талаптарын өзгерту Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен және тиісті құжаттарды рәсімдеу арқылы жүзеге асады. Бұл құқықтық айқындықты қамтамасыз етеді және жұмыс берушінің бұрын келісілген еңбек жағдайын негізсіз өзгертуіне жол бермейді, – деді департамент басшысының орынбасары.

Еңбек шарты мазмұнының практикалық маңызы еңбек дауы мен жұмыскерлердің өтінішін қарау кезінде айқын көрінетінін ескере келе, ведомство өкілі еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар үшін еңбек шарты еңбек қатынасының бастапқы талаптарын анықтауға және оларды нақты жағдайлармен салыстыруға мүмкіндік беретінін жеткізді.

– Мемлекеттік бақылау практикасы осы мәселенің өзектілігін көрсетеді. Тексерулер барысында мемлекеттік еңбек инспекторлары еңбек шартын ресімдеуге және олардың мазмұнына, сондай-ақ еңбек қатынасының белгіленген талаптарының сақталуына байланысты бұзушылықтарды анықтайды. Мұндай бұзушылықтарға еңбек шартын тиісінше ресімдемеу, оларды жасасу және өзгерту тәртібін сақтамау, шарт талаптарының нақты еңбек қатынасына сәйкес келмеуі, жұмыс уақыты режимі мен еңбекақы төлеу талаптарын бұзу жатады. Тексеру нәтижесі бойынша сондай-ақ мемлекеттік органдардың, оның ішінде прокуратура органдарының өзара іс-қимылы шеңберінде анықталған бұзушылықтарды жою және жұмыскерлердің бұзылған еңбек құқығын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылданады. Өтініштің мән-жайына байланысты еңбек шартының талаптары, жұмыс берушінің актілері, жұмыс уақытын есепке алу табельдері, еңбекақыны есептеу және төлеуге қатысты құжаттар, лауазым нұсқаулықтары және істің мән-жайын анықтау үшін маңызы бар басқа да құжаттар зерделенеді. Осылайша, еңбек шарты еңбек қатынасын ресімдеу функциясын ғана атқарып қоймай, кепілдік беруші, дәлелдеме және алдын алу функцияларын да жүзеге асырады. Оның мазмұны тараптардың құқығы мен міндеттерінің көлемін анықтауға, еңбек қатынасының құқық айқындығын қамтамасыз етуге және еңбек дауының туындауына жол бермеуге мүмкіндік береді, – деді Мұрат Шәкенов.

Азық-түлік қымбаттаса, халықтың үнемдейтін жері – өз дастарқаны. Бір өнімнің орнына арзанырақ баламасын таңдау, бұрынғыдай молынан алмау немесе саудаға шығар алдында әр дүкеннің бағасын салыстыру күнделікті әдетке айналып келеді. Алайда мәселе тұтынушының үнемшілдігінде ғана емес. Өнімнің дүкен сөресіне жеткенге дейінгі жолында қандай шығындар қосылады? Бағаның өсуіне не әсер етеді және халықтың табысы күнделікті қажеттіліктерін өтеуге жете ме?



БАҒА МЕН ТАБЫС НЕГЕ ҚАБЫСПАЙДЫ?

БАҒАНЫҢ АР ЖАҒЫНДА НЕ ТҰР?

Осы мәселе төңірегінде экономист Жадыра Сұңғатқызы азық-түлік бағасының өсуіне әсер ететін негізгі факторларды саралап, нарықтағы ахуалға экономикалық тұрғыдан баға берді. «Қазақстанда азық-түлік бағасының өсуіне бірнеше себеп бар. Ең алдымен, өнім өндіруге кететін шығын көбейген. Жанармай, электр энергиясы, тыңайтқыш, жем-шөп пен жұмысшылардың жалақысы қымбаттаса, өнімнің өзіндік құны да артады. Оған қоса, шетелден әкелінетін тауарлардың бағасы валюта бағамы мен тасымал шығындарына байланысты өзгереді. Мысалы, импорттық жемістердің бағасына шетел валютасының қымбаттауы әсер етсе, ет пен сүттің бағасына мал азығы мен өндіріс шығындары ықпал етеді. Бірақ дүкендегі баға тек өнімді өндіруге кеткен шығынмен шектелмейді. Тауар өндірушіден дүкенге жеткенше бірнеше қолдан өтеді. Оны тасымалдау, сақтау және сату кезінде де қосымша шығындар пайда болады. Әр кезеңдегі үстеме баға тауардың соңғы құнына әсер етеді. Сондықтан бағаның нақты қай кезеңде өсетінін білу үшін өнімнің өндірушіден қаншаға сатып алынғанын және дүкенде қаншаға сатылатынын салыстыру қажет. Ал жеміс-жидек пен көкөністің бағасына маусым, өнімнің мол не аз болуы және оны сақтау мүмкіндігі де әсер етеді. Сондықтан азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін тауардың не себепті қымбаттағанын нақты анықтау қажет. Өндіріс шығынын азайту, тасымал мен саудадағы қосымша шығындарды бақылау және нарықтағы бәсекелестікті күшейту маңызды. Өйткені бағаның өсуі ең алдымен күнделікті азық-түлік сатып алатын халыққа салмақ түсіреді. Егер отбасы табысының басым бөлігін тамаққа жұмсаса, басқа қажеттіліктеріне ақша аз қалады. Демек, мәселе дүкендегі бағада ғана емес, әр отбасының күнделікті қажетіне еркін қаражат жеткізе алуында» дейді ол.

Бағаның өсуіне әсер ететін себептерді саралау маңызды болғанымен, мәселенің екінші қыры – оның халықтың күнделікті тұрмысына тигізетін әсері. Өйткені дүкен сөресіндегі баға өскен сайын тұтынушының таңдау мүмкіндігі тарылып, отбасы бюджетіндегі азық-түлік шығыны көбейеді. Ал табыс көлемі қымбатшылықпен қатар өспесе, бұл салмақ одан әрі арта түседі.

ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ САЛМАҒЫ КІМГЕ ТҮСЕДІ?

Сарапшы Марғұлан Ермағамбетұлының пайымдауынша, азық-түлік бағасының өсуіне әсер ететін факторлар көп. «Қымбатшылықтың бір себебі – экономикадағы бәсекелестіктің жеткіліксіздігі мен монополиялардың ықпалы. Мұнай бағасының өзгеруі де жанармай құнына әсер етіп, одан әрі тасымал мен өзге де тауарлардың бағасына ықпал етуі мүмкін. Азық-түлік бағасының өсуіне өндіріс шығыны ғана емес, нарықтағы бәсекелестік те әсер етеді. Егер нарықта бәсекелес аз болса, кейбір компаниялардың бағаға ықпалы күшеюі мүмкін. Жанармай қымбаттаса, тауар тасымалдау шығыны да артады. Соның салмағы азық-түлік бағасына түседі. Яғни бір тауардың немесе қызметтің қымбаттауы басқаларының бағасына да әсер етеді. Бірақ баға өсімінің салмағын кім көбірек сезінеді? Әрине, күнделікті азық-түлік сатып алатын халық. Егер жалақы өспей, баға көтеріле берсе, отбасы бұрынғыдай сауда жасай алмайды. Бірі етті сирек алады, енді бірі жеміс-жидекті азайтады. Ал табысының едәуір бөлігін несиеге жұмсайтын отбасылардың жағдайы тіпті қиындайды. Міндетті төлемдерден кейін күнделікті қажеттілікке ақша жеткізу оңай емес. Шығынды есептеп, отбасылық бюджетті жоспарлау маңызды. Бірақ бәрін үнемдеуге тіреп қоюға болмайды. Үйде нан пісіру немесе бақшада көкөніс өсіру әр адамның қолынан келе бермейді. Оның үстіне, үнемдеудің де шегі бар. Халықты үнемдеуге шақыру оңай, ал бағаның неге өсіп жатқанын анықтап, оны тежеудің нақты жолын табу – маңызды міндет. Азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін нарықтағы жағдайды бақылап қана қоймай, бағаға әсер ететін шығындар мен бәсекелестікті де реттеу қажет. Өйткені халыққа құр үнемдеу туралы кеңес емес, күнделікті қажет азық-түлікті қалтасы көтеретін бағамен сатып алуға мүмкіндік керек» дейді ол.

Сарапшының пікірі азық-түлік қымбатшылығының тек экономикалық емес, әлеуметтік мәселе екенін де аңғартады. Бағаның өсуі мен табыстың арасындағы алшақтық ұлғайған сайын, халықтың күнделікті қажеттіліктерін өтеуі қиындай түседі. Ал осы өзгерістердің саудадағы нақты көрінісін тауарды тұтынушыға жеткізетін кәсіпкерлер күн сайын байқайды.

ДҮКЕН СӨРЕСІНДЕГІ БАҒА ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Азық-түлік бағасының тұтынушыға жеткенше қалай қалыптасатынын дүкен иесі Әнел Букенбаева былай түсіндірді: «Дүкендегі тауардың бағасы тек оның сатып алу құнынан тұрмайды. Бөлшек сауда бағасына салық, электр энергиясы, қызметкерлердің жалақысы және сауда орнын ұстауға байланысты басқа да шығындар әсер етеді. Кәсіпкер тауар бағасын белгілегенде осы шығындарды ескеруге мәжбүр. Алайда бағаны көтеру де оңай емес, өйткені қымбаттаған өнімді сатып алушылардың бір бөлігі арзанырақ балама іздейді. Мысалы, нанның бағасы 10 қыркүйекте 180 теңгеден 200 теңгеге көтерілді. Тауар бағасының өсуі тұтынушының таңдауына бірден әсер етеді. Тіпті бір пайыздық өсімнің өзі кейбір сатып алушылардың санын азайтуы немесе оларды сол өнімнің арзанырақ баламасын алуға мәжбүрлеуі мүмкін. Бір өнімді бірнеше жеткізуші компания ұсынғанымен, олардың бағасы әртүрлі болуы мүмкін. Кәсіпкер тауарды бір жеткізушіден арзанырақ алса, үстеме шығындарын есептегеннен кейін де тұтынушыға тиімді баға ұсына алады. Ал келесі жолы басқа компаниядан қымбатырақ сатып алуға тура келсе, дүкендегі баға да өзгеруі мүмкін. Сондықтан тұтынушы байқайтын баға айырмашылығы әрдайым сатушының шешіміне ғана байланысты емес, тауардың сатып алу құны да маңызды рөл атқарады. Мұны күнделікті саудадағы өнімдерден де көруге болады. Мәселен, дүкенде «Bonduelle» жүгерісі 1 050 теңгеден сатылса, «Sano» маркасының өнімі 350 теңге тұрады. Макарон өнімдерінің арасында да айырмашылық бар: «Цесна» макаронының дүкенге сатып алу бағасы – 420 теңге, ал «Bottega» өнімінің баламасы арзанырақ. Мұндай жағдайда тұтынушылардың бір бөлігі брендке емес, қалтасына қолайлы өнімге басымдық береді. Энергетикалық сусындардың бағасы да өзгеріп отырады. Бұл өнімдердің негізгі тұтынушыларының қатарында жастар бар. Сұраныс көлемі бағаға ықпал ететін факторлардың бірі болғанымен, нақты қымбаттаудың себебін анықтау үшін жеткізушілердің бағасы мен басқа да шығындарды салыстыру қажет».

ХАЛЫҚТЫ ҮНЕМДЕУГЕ ШАҚЫРУ ОҢАЙ, АЛ БАҒАНЫҢ НЕГЕ ӨСІП ЖАТҚАНЫН АНЫҚТАП, ОНЫ ТЕЖЕУДІҢ НАҚТЫ ЖОЛЫН ТАБУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ. АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ҮШІН НАРЫҚТАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ БАҚЫЛАП ҚАНА ҚОЙМАЙ, БАҒАҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ШЫҒЫНДАР МЕН БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДЕ РЕТТЕУ ҚАЖЕТ



Дүкен иесінің мысалдары бағаның өзгерісі тұтынушыға да, кәсіпкерге де әсер ететінін көрсетеді. Бірі тауарды қолжетімді бағамен сатуға тырысса, екіншісі күнделікті қажеттілігін өтеу үшін арзанырақ өнім іздейді. Алайда бағаны салыстырудың өзі барлық мәселені шеше алмайды. Әсіресе көп адамнан тұратын отбасылар үшін азық-түлікті жеткілікті мөлшерде сатып алу күнделікті қаржылық сынаққа айналуы мүмкін.

БІР ОТБАСЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТАҢДАУЫ

Қымбатшылықтың салмағын күнделікті сауда жасайтын тұрғындар айқын сезінеді. Астана тұрғыны Перизат Әлімнің айтуынша, алты адамнан тұратын отбасының азық-түлікке жұмсайтын шығыны едәуір артқан. Ол күнделікті тұтынатын өнімдерді жеткілікті мөлшерде сатып алу да оңай еместігін айтады. «Азық-түлік бағасы қатты шарықтап кетті. Айлық табыс күнделікті қажеттіліктерге толық жетпейді. Нан таусылады, май бітеді, тұз алу керек. Осындай күнделікті қажет заттардың өзі жинала келе үлкен шығынға айналады. Еттің бағасы удай. Ет алсаң, басқа азық-түлікке ақша жетпейді, ал басқа қажетті заттарды алсаң, етсіз қаласың. Қазір ет жеуден де қалдық. Сүт өнімдері мен жеміс-жидекті айына бір-екі рет қана аламыз. Үйде күйеуім, екі балам, анам, сіңлім және мен тұрамыз. Сондықтан алған азық-түлігіміз де ұзаққа жетпейді. Қайта сатып алайын десең, ақша жетпейді. Балаларға жеміс-жидек алып бергің келеді, бірақ ең арзан алмаларды таңдауға мәжбүрсің. Біз көбіне көтерме сауда базарларынан сатып аламыз. Соның өзінде барлық қажеттілікті бірдей алуға мүмкіндік жоқ. Бірін алсаң, екіншісінен бас тартуға тура келеді» дейді ол.

Перизат Әлімнің сөзі азық-түлік бағасының өсуі отбасының күнделікті таңдауына қалай әсер ететінін көрсетеді. Нан, май, тұз секілді күнделікті тұтынатын өнімдердің әрқайсысына жұмсалатын қаражат жеке алғанда аз көрінуі мүмкін. Алайда оларды үнемі сатып алу қажеттілігі отбасылық бюджетке тұрақты салмақ түсіреді. Ал ет, сүт өнімдері мен жеміс-жидекті тұтынуды шектеу отбасының таңдау мүмкіндігін одан әрі тарылтады. Азық-түлік бағасының өсуін тек нарықтағы қымбатшылықпен шектеуге болмайды. Мәселенің маңызды қыры – халықтың күнделікті қажеттіліктерін өтеуге қаржылық мүмкіндігі жете ме деген сұрақ. Егер отбасы бір өнімді сатып алу үшін екіншісінен бас тартуға мәжбүр болса, бұл оның сатып алу қабілетінің шектеулі екенін көрсетеді. Әсіресе балалары бар отбасылар үшін ет, сүт өнімдері мен жеміс-жидекті тұрақты тұтыну маңызды. Сондықтан азық-түлік бағасының өзгерісін бағалағанда оның халықтың тұрмыс деңгейі мен отбасылық бюджетке әсерін де ескеру қажет.

БАҒА ҚАЛАЙ ТҰРАҚТАНАДЫ?

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін әлем елдері түрлі іс-шараларды жүзеге асырады. Мәселен, Таиландта әлеуметтік маңызы бар 71 тауардың бағасы бақылауға алынып, жеңілдікпен сату бағдарламасы енгізілген. Кипрде ет, құс еті мен балыққа қосылған құн салығының нөлдік мөлшерлемесі қолданылса, Испания фермерлердің тыңайтқыш шығындарын өтеуге 500 миллион еуро бөлген. Бұл тәжірибелер азық-түлік бағасын реттеу үшін тұтынушы шығынын азайтумен қатар, өнім өндірушілерді қолдау да маңызды екенін көрсетеді (FAO.org сайтынан алынды). Қазақстанда да осы тәжірибелерді жергілікті нарықтың ерекшелігіне бейімдеп қолдану азық-түлік бағасын тұрақтандыруға ықпал етуі мүмкін. Мәселен, әлеуметтік маңызы бар тауарларды жеңілдікпен сату бағдарламасын кеңейту халықтың күнделікті шығынын азайтса, отандық өндірушілерге тыңайтқыш, жанармай және басқа да өндірістік шығындар бойынша қолдау көрсету өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік берер еді. Ал жекелеген азық-түлік түрлеріне салықтық жеңілдіктер енгізу мәселесін қарастыру тұтынушыға түсетін салмақты жеңілдетуі мүмкін. Дегенмен мұндай шаралардың нәтижелі болуы үшін олардың бағаға нақты әсері, бюджетке түсетін салмағы және отандық өндірушілердің мүддесі қатар ескерілуі қажет.

Азық-түлік қымбатшылығының түпкі өлшемі – статистикадағы пайыз емес, халықтың дастарқанындағы жағдай. Баға өсіп, табыс сол қарқынмен артпаса, үнемдеу қажеттіліктен туындайды: біреу еттен, біреу жеміс-жидектен, енді бірі басқа маңызды шығыннан бас тартады. Сондықтан мәселені тек бағаны бақылаумен шектеуге болмайды. Өндіріс шығынын азайту, делдалдық тізбекті ашық ету, нарықтағы бәсекелестікті күшейту және халықтың сатып алу қабілетін қолдау қатар жүруі керек. Өйткені азық-түлікке қол жеткізу – жай ғана сауда мәселесі емес, әр отбасының тұрмыс сапасын айқындайтын негізгі көрсеткіш. Қымбатшылықтың салмағы халықтың күнделікті таңдауын тарылтқан сайын, бағаны тұрақтандырудың нәтижесі де сөзімен емес, тұрғынның қалтасына қаншалықты жеңілдік әкелгенімен өлшенуге тиіс.

Аружан ЕСЕНГЕЛДІ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің 3-курс студенті

№122 (5020) 15/10/2026 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

19 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Тіршілік»
6:05 «Көңіл толқыны»
7:00 «ТАҢШОЛПАН»
9:00 «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР» телехикаясы.
10:10 «Мелек» телехикаясы.
12:10 «Қызық екен...»
13:10 ТҰСАУКЕСЕР! «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ»
14:20 «Апта»
15:00 «Ақорда»
15:20 «ҚАЗАҚСТАН АНТОЛОГИЯСЫ»
15:35 «Көңіл толқыны»
15:55 «Сезім толқыны» телехикаясы.
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «МЕЛЕК» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ»
21:25 «СОҢҒЫ ХАТ» телехикаясы.
22:25 «Адасқан» телехикаясы.
23:20 «Қызық екен...» .
0:40 «Қазір айтайық»
1:35 «Селт еткен сезім» телехикаясы.
2:30 «Көңіл толқыны»
3:30 «Ашық алаң»
4:20 «Қазақстан антологиясы»
4:40 «Сезім толқыны» телехикаясы.

НТК

05:00 Телехикая. “Рауза”
06:00 “Қазақтың жігіттері”. Ернар Айдар
08:00 “Оян!”
10:00 “Алданған тағдыр”
11:00 “Феи: Тайна страны драконов”
12:15 “Белка и Стрелка. Тайны космоса”
13:00 Премьера! “Цифровой код”
13:30 Телехикая. “Рауза”
14:15 Тұсаукесер! Телехикая. “Ақ жеңге”
15:15 Телехикая. “Келінжан”
16:15 Кино “Биік сезім”
17:40 Спецпроект President
19:00 Тұсаукесер! Телехикая. “Ақ жеңге”
20:00 Телехикая. “Келінжан”
21:00 “Алданған тағдыр”
23:00 “МузАрт – 25 жыл” деректі фильмі
23:30 Тұсаукесер! “Әзіл бәйге”
00:10 Премьера! Телесериал “Ловушка”
01:10 Телесериал “Прости”

ASTANA TV

06.30 «Күлфи» телехикаясы
07.50 «Жат Өмір» телехикаясы
09.00 «Орхан» телехикаясы
10.25 «Үздік әзілдер»
11.30 Көркем фильм
13.30 «Зу-Зу Күлпаш» телехикаясы
15.00 «Заң аясында»
15.10 «Алау» телехикаясы
17.00 «Дон И» телехикаясы
